

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) _____
Топ: мектепалды
Балалардың жасы: 5 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 01.07 - 05.07.2024ж.
Педагогтың аты-жөні _____

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы түрін қарау; ата-ананың сұрақтарына педагогтің жауаптары; балаларға қолайлы жағдай жасау; балалардың далаға киетін бас киімдері мен аяқ киімдері туралы ескерту.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен «Тазалық - денсаулық кепілі» тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Еңбек: аланды тазарту. Мақсат-міндеттер: ересектерге көмектесуге, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары	Еңбек: гүл бақшасын арамшөптерден тазарту. Мақсат-міндеттер: өз жұмысыңыздың нәтижесін көру, белсенділіктен қанағат алуға тәрбиелеу.	Еңбек: аланды тазарту. Мақсат-міндеттер: еңбек әрекеттерін жауапкершілікпен орындауға; топтағы жұмыстарды тиянақты жасауға баулу. Кезекшілік: табиғат	Еңбек: құм жәшіктерін құммен толтыру. Мақсат-міндеттер: балаларды жалпы игілікке жұмыс істеуге тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары	Еңбек: аланды сыпыру. Мақсат-міндеттер: еңбекқорлықты, ұқыптылықты дамыту. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін

	бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.	Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.	бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.	бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.	соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.
	«Табиғатпен тілдесу», балалармен қоршаған ортаны қорғау туралы әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу) Суреттер байқауын ұйымдастыру. (шығармашылық іс-әрекет) Ата-аналармен бірге «Гүлдестелі ханшайым» байқауын ұйымдастыру,	Бассейнде жүзу, суға шомылу, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау. (дене шынықтыру) Сумен шынығудың пайдасы туралы әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) «Судың қасиеті», «Мөлдір-лай», «Ауа мен су» тәжірибесі, балалардың зерттеушілік қызығушылықтарына	Балалармен табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу (жаздағы маусымдық өзгерістер, балалардың киінуі, күн сәулесінің адамға, табиғатқа әсері, аспандағы бұлттар және басқа). (қарым-қатынас іс-әрекеті, қоршаған ортамен танысу) Серуен кезінде балаларды табиғат көріністерін бақылауға үйрету	Отбасындағы сүйіспеншілік, сыйластық, мейірімділік туралы әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Адамдар бір-бірін жақсы көретінін ұғындыру, дос болуға баулу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар) Көркем шығарма	«Елімнің жүрегі – Астана» тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Тақырыпқа сәйкес ән тыңдату және бірге айту. (шығармашылық іс-әрекет) «Бұл бақытты – мекен» асфальтқа сурет салу байқауы. (шығармашылық іс-әрекет)

номинациялар тағайындау, балалар шығармашылығын қолдау. (шығармашылық іс-әрекет) "Менің ғажайып бұлтым" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: қиялды, эмоционалдық сфераны, табиғатты елестетіп қабылдауды дамыту (ойын релаксациялық кідіріс рөлін де атқарады). Ойын барысы: балалар шабындықта ыңғайланып жайғасады, тынышталып, көздерін жұмады. Тапсырма.	қолдау көрсету. (зерттеу іс-әрекеті) Су бетінде сурет салу. (шығармашылық іс-әрекет) "Домино" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын	және кері байланыс жасау. (қарым-қатынас іс-әрекеті қоршаған ортамен танысу) Табиғат туралы өлең оқып беру, жұмбақтар шешу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) «Артық суретті тап» дидактикалық ойын. (таным іс-әрекеті) "Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: өсімдіктерді белгілі бір белгі бойынша топтастыра білуді жетілдіру; зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және	оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті) "Бұл не?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, есте сақтауды, тапқырлықты дамыту. Міндеттері: балаларға тірі және жансыз табиғат нысанын сипаттауға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту, ойынға қызығушылықты тәрбиелеу. Ойын барысы. Тәрбиеші тірі немесе жансыз табиғат нысанын ойлап, оның	«Менің сүйікті қалам» үздік ән байқауы. (шығармашылық іс-әрекет) "Құстар" (андар, балықтар) дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: жануарларды, құстарды, балықтарды топтастыру және атау қабілеттерін бекіту. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Ойын барысы. Балалар шеңберге тұрады, жүргізуші құстың (балық, жануар, ағаш, гүлдер) атын атайды
---	---	---	---	--

	Шабындықта демалып отырғандарын елестету. Құстардың дауысы естіледі, шөптер мен гүлдердің иісі шығады, бұлт аспанда қалықтайды. Аспандағы бұлтты таңдап, оның неге ұқсайтынын айтып беруді ұсынады. (қоршаған ортамен танысу) "Үкі" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: белгі бойынша әрекет етуге тәрбиелеу Ойын барысы: Ойын барысы. Барлық ойншылар құстар, бір бала - үкі. «Күн» белгісі	желілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. (таным іс-әрекеті) "Сөйлемді аяқта" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: құбылыстар арасындағы себептік байланысты түсінуге үйрету; сөздерді	логикалық ойлауды дамыту; табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ойын барысы. Педагог балалар тобын бірнеше кіші топтарға бөледі. Әрқайсысы ағаштардың жапырақтарына мұқият қарауды, содан кейін жердегі бірдей жапырақтарды табуды ұсынады. Педагог: «Келіндер, қай топ дұрыс жапырақтарды табатынын көрейік» дейді. Балалар іздеуді бастайды. Әр топтың мүшелері тапсырманы орындап, жапырақтары сәйкес ағаштың айналасына жиналады.	белгілерін атай бастайды, ал балалар жалғастырады. Мысалы: Жұмыртқа - сопақ, ақ, үлкен, үсті қатты, қоректік, дүкеннен табуға болады, жеуге жарамды, одан балапандар шығады... (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)	және допты көршісіне береді, ол келесі құсты атайды, т.с.с. Кім жауап бере алмаса, шеңберден шығады. (таным іс-әрекеті) Еркін ойын: "Күн мен түн". Мақсат-міндеттер: балаларды әртүрлі қимыл-қозғалысын үйрету. Ептілікке, шапшаңдыққа, төзімділікке тәрбиелеу. Ойын барысы. Ұзындығы 40-60 метрлік алаңның ортасында арасы 2м параллель екі сызық сызылады. Балалар екі топқа бөлініп, қарама-қарсы екі сызықтың бойына тұрады. Топтың
--	---	---	--	---	---

	бойынша құстар алаңда ұшып жүреді, қанаттарын қағып, дәндерін шоқиды. «Түн» деген белгі бойынша барлығы тоқтап, қимылсыз тұрады. Үкі ұшып келеді, қозғалатындарға қарап, оларды ұясына апарады. Содан кейін қайтадан «күн» белгісі беріледі, үкі ұясына тығылады, балалар – алаңда ұшып жүреді. Ойын осылай бірнеше рет қайталанады. (дене шынықтыру)	дұрыс таңдауға жаттығу жасау. Міндеттері: балаларға сөйлем құрауға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, келісілген сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Дидактикалық ойынға қызығушылықты тәрбиелеу. Ойын барысы. Тәрбиеші сөйлемді бастайды: «Мен жылы тон кидім, өйткені...», «Балалар бастарына панама киді, өйткені...», «Далада жаңбыр жауып тұр, өйткені...» (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Бірінші болып ағаштың қасына жиналған немесе көп жапырақ жинаған топ жеңіске жетеді. (таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Еркін ойын: "Итеріспек". Мақсат-міндеттер: балалардың қимыл-әрекеттерін бір аяқпен секіре алу шеберліктерін жаттықтыру, ептілік, жылдамдық, сезімталдық, табандылық сияқты қасиеттермен дамыту. Ойын барысы: ойын көгалда өткізіледі. Үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады. егер бір аяқпен		біріне «түн», екіншісіне «күн» деп ат қояды. Тәрбиеші «күн» десе күн тобындағылар, түн тобындағыларды алаң шетіне қуып барады. Ұстап алғандарды өз тобына қосып алады. Және керісінше болып ойын жалғаса береді. (дене шынықтыру)
--	--	--	---	--	--

		Еркін ойын: "Мұздату". Мақсат-міндеттер: ерікті реттеу дағдыларын, ережелерге бағына білу қабілеттерін дамытуға арналған ойын. Ойын барысы. Балалар әуеннің ырғағына секіріп, ойнап жүреді. Кенеттен әуен тоқтайды. Ойыншылар кідіріске ұшыраған күйінде қатып қалуы керек. Егер қатысушылардың біреуі қозғалып қойса, ол ойыннан шығарылады. Олар тек бір қатысушы қалғанға дейін ойнайды. (дене шынықтыру)	секіріп жүріп, екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені. ойын жалғаса береді. (дене шынықтыру)		
--	--	--	--	--	--

Ертеңгілік жаттығу	Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу. Жалпы дамыту жаттығулары кешені. 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды. 1.2. Бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, допты қояды. 2.2. Бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында. 3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды. 3.2. Бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастырыңыз: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық,	Гигиеналық дағдылар Тамақтану кезінде ас құралдарын дұрыс пайдалану қабілетін жетілдіру. Көркем сөз Денемді таза ұстап, Шомыламын ағынмен.	Гигиеналық дағдылар Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне деген қайырымдылыққа тәрбиелеу; сабынның қасиеттері туралы түсініктерді бекіту:	Гигиеналық дағдылар Қажет болған жағдайда майлықты қолдану қабілетін жетілдіру. Көркем сөз Су деген — өмір көзі, Тіршіліктің нәрі бұл. Су болмаса	Гигиеналық дағдылар Қасықты дұрыс қолдануды үйрету, Дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, тамақтану кезінде асықпай шайнау, үстел басында өздерін әдепті

	шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.) Көркем сөз Ыдыс толы тамағым, Тамағыма қарадым. Тауысып ап асымды, Бүгінгі күн жарадым. (мәдени- гигиеналық дағдылар)	Тамақ ішер алдында, Қол жуамын сабынмен. (мәдени- гигиеналық дағдылар)	хош иісті, көпіршиді, тазартады. Көркем сөз Ірімшікті кеміріп, Тышқан отыр керіліп. Мысық сүтті ішіп - ап, Бет жұмайды ерініп. Ботқа жеймін дейсің бе? Қазір жасап беремін. Сүт ботқасын көп жесең, Жылдам өсіп кетесің. (мәдени- гигиеналық дағдылар)	оянбайды, Табиғаттың барлығы. Таза болсаң судай бол, Бәрін жуып кетірген. Жақсы болсаң жердей бол, Бәрімізді өсірген. (мәдени- гигиеналық дағдылар)	ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді , үлкендерге алғыс айтуды үйрету. Көркем сөз Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! (мәдени- гигиеналық дағдылар)
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Әңгімелесу: "Демалыс күндерін қалай өткіздік". Мақсат-міндеттер: ұзаққа есте сақтау, байланыстырып	"Ал егер?" ойын- жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың логикалық ойлауын, көру зейінділігін	"Қимылдар тізбегі" ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, есте сақтау, ойлау, қимылдарды	"Фант" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың белгілі тақырып бойынша түсініктерін нақтылылау, сол	Балабақшадағы дұрыс мінез-құлық ережелері туралы әңгімелесу. Мақсат-міндеттер: нәтижелі ойлау және

	сөйлеу қабілеттерін дамыту.	дамыту. Балаларға суретте көрсетілген немесе сөзбен баяндалған оқиғаның ары қарай қалай жалғасатынын болжауға мүмкіндік беріледі. Балалар өздерінің ой-пікірлерімен бөліседі.	үйлестіре білу қабілеттерін жетілдіру. Балалардың бірі бірнеше қимылдар тізбегін көрсетеді, қалған балалар көрсетуді мұқият қарайды. Содан соң жүргізуші бала балалардың қимылдар тізбегін қаншама дұрыс есте сақтап, дәлме-дәл көрсеткенін бақылайды. Ең жақсы орындаған баланы келесі жүргізуші рөліне тағайындайды.	тақырып бойынша тапқакты, жаңылтпашты, мақалды, санамақта, жұмбақты еске түсіріп айтуға ынталандыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар, шеңберде тұрып, келісілген тақырыпқа байланысты сөздерді кезегімен айтып жатады. Егер біреу ойланып, тоқтап қалса немесе алдында айтылған сөзді қайталаса, осы тақырыпқа байланысты көркем сөз үлгісін жатқа айтады.	әрекет етуге дағдыландыру.
Мектепке дейінгі ұйым	Дене шынықтырудан	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу	Қоршаған ортамен танысудан ойын-	Сөйлеуді дамытудан ойын-	Мүсіндеуден ойын-жаттығу

кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	ойын-жаттығу "Қайырлы таң, Алтын күн!" Мақсат-міндеттер: Балаларды көлбеу басқышпен өрмелеп гимнастикалық қабырғаға өтіп, сатыдан ұстай отырып қайта түсу; балаларда воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып қағып лақтыру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; ойындар мен жаттығулар арқылы дене шынықтыруға қызығушылықтарын ояту.	"Қазағымның қазынасы - домбыра" Мақсат-міндеттер: Балаларға қазақ халқының ұлттық аспабы домбыра туралы түсінік беру; күй тыңдай отырып, ұлттық танымын көтеру; ауыз әдебиет үлгісі мен нақыл-сөздерді қолдана отырып білімділігін шыңдау; түстерді таңдай отырып, домбыраға ою-орнектерді ұқыпты безендіру арқылы әдемілікті сезіне білу қабілетін дамыту; ұлттық өнерді қастерлеуге, құрметтеуге тәрбиелеу. Музыкадан ойын-жаттығу "Гүл Астана"	жаттығу "Күннің көзі жарқырайды" Мақсат-міндеттер: Балаларға күн туралы және оның тіршілік үшін маңызы жайында мағлұмат беру. Күн және күн жүйесі туралы білімдерін толықтыру. Табиғатты қорғауға, елін, жерін сүйуге, ізденімпаздыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Балалардың дүниетанымдарын кеңейту, танымдық қызығушылықтарын арттыру. Сурет салудан ойын-жаттығу "Күшікке арналған үйшік" Мақсат-міндеттер:	жаттығу «Күн мен Ай» ертегісін әңгімелеу Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегінің мазмұнын түсіндіру арқылы сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау, еске сақтау қабілетін жетілдіру; ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін ажырата білуін, балалардың жыл бойы меңгерген білімдерін бекіту; достыққа, татулыққа, мейірімділікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.	"" Алтын күн" Ермексазбен бейнелеу" Мақсат-міндеттер: Ермексазбен бейнелеу тәсілдерін үйренуді жалғастыру; ермексазды беткейге жағуды үйрету; домалақтау тәсілін пайдаланып картон қағазға бедерлеу тәсілін орындау дағдыларын үйретуді жалғастыру; ермексаздың көмегімен қолөнер жасауды соңына дейін жеткізуге үйретуді бекіту; сезіну, түйсіну сезімдерін, шығармашылық қиялын, өз күшіне сенуін дамыту; қолдың ұсақ маторикасын
---	---	--	--	---	---

		Мақсат-міндеттер: Өткен материалды балаларға естеріне сақтау. Балаларда шығармашылықты, өзіне деген сенімділікті дамыту; өз бетінше шешім қабылдау мүмкіндігі; музыканы және музыкалық қабілетті ассоциативті қабылдауды дамыту.	Трафареттің көмегімен көпқабатты үйдің суретін салуды үйретуді жалғастыру; техникалық дағдыларын дамыту: трафарет және қарындашпен (қара) суреттің нобайын салуды меңгерту; композиция сезімдерін дамыту суреттің элементтерін парак бетіне үйлесімді орналастыруды, бейнені қоршаған өмірден алған әсерлерінің негізі элементтерімен толықтыруды үйрету; өз туған қалаларына, үйлеріне деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімдерін тәрбиелеу.		жақсарту; ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.
2- таңғы ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасығы мен				

	шай қасығын, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемей; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Міне — қасық, міне — ас. Еш нәрсені қалмас. Осы сөздерден кейін, балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында, тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Егер бала орындықта дұрыс отырмаса, жанына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Серуендеудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты педагог гигиеналық талаптарға сай қажетті сыртқы материалды, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін балалар қызметінің әр түрлі нұсқаулықтарын дайындайды. Педагог балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сай қолдануға үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау. Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын-ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін). Балаларға ескерту: киіну бөлмесіндегі тәртіп ережелерін, киіну ретін, қажет болған жағдайда оларға көмектесу.				
Серуен	Ауа-райын бақылау Мақсат-міндеттер: ауа-райының жай-күйін атап өту - жылы, күн ашық, бәрі жасыл. Экологиялық міндет: тірі және жансыз	Күннің биіктігін бақылау Мақсат-міндеттер: күн энергиясының өсімдіктер, жануарлар мен адамдардың тіршілігіне әсері	Ауаны бақылау Мақсат-міндеттер: балаларға ауаның қажеттілігі түсіндіру. Көркем сөз Жер шары дәу әсем. Қоршаулы ауамен. Ауасыз кім шыдар.	Күнді бақылау: "Күн - жылу мен жарық көзі". Мақсат-міндеттер: күн туралы түсінік қалыптастыру, табиғатты құрметтеуге	Бақылау: "Орман сыйы - саңырауқұлақтар мен жидектер". Мақсат-міндеттер: балалардың орман өсімдіктері туралы білімдерін бекіту,

табиғат арасындағы байланыс. Әңгімелесу. Қазір қай жыл мезгілі? Жаздың келгенін қайдан білдіңдер? Бүгінгі ауа-райы туралы не деуге болады? Түзету тапсырмасы: жаздың белгілерін атаңыз, сөздерді белсендіру: жылы, ыстық, күн шуағы Көркем сөз Жаз келді жадырап, Ағаштар гүлдеді. Жаңбыр жауып нөсерлеп, Жер – ана көкке бөленді. "Дауыста, атыңды айтамын" ойыны. Ойын барысы. Ойыншылар қол ұстасып дөңгелене шеңбер жасап орналасады. Көзі	туралы білімдерін бекіту. Педагог балаларға жұмбақ жасырады. Таң мен көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. (Күн) Көркем сөз Кең аспан гой ай, күннің, Қашаннан-ақ тұрағы. Кейде кіріп бөлмеге, Ол ойнады айнада. Шомылады көлге де, Шуақ шашып қайда да. Күн неғұрлым жоғары болса, күн соғұрлым жылы әрі ұзақ болады. Аптап ыстықтан қар ериді, жер қызады және еріген дақтар пайда болады. Шөп өсе бастайды. Табиғатта тағы не болып жатыр? (Экологиялық	Ауасыз тұншығар. Жұмбақ Оңынан оқы, тіршілік нәрі. Солынан оқы, тіршілік нәрі. Онсыз адам, аң, құс та семер бір мезетте. (ауа) Әңгімелесу. Ауаның қандай қасиеттері бар? (түссіз, мөлдір, иіссіз). Қалай ойлайсыңдар, ауа қайда жақсы - орманда ма, қалада ма? (Орман ауасы таза ғана емес, сонымен бірге емдік. Қаланың ауасы мүлдем басқаша: бензин мен автомобильден шыққан газдардың иісі шығады, шаң мен күйе бөлшектерімен ластанған. Мұндай	тәрбиелеу. Бақылаудың барысы Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды. - Өсімдіктердің, жануарлардың өсуі үшін не қажет? - Күн не береді? Күн - жердегі жарық, жылу және тіршілік көзі. Оның барлық жағы жарық пен жылуды таратады. Егер Күн суық болса, жер қараңғылыққа батып кетер еді. Суық пен қараңғылық өсімдіктер мен жануарлардың бәрін өлтірер еді Шар тәріздес Күн бізге жарқыраған дөңгелек болып көрінеді. Қыздырғыш зат жарық шығарады, яғни. жарқырайды. Міне, Күн де	саңырауқұлақтардың есімдерін есте сақтау - жеуге жарамды және улы. Әңгімелесу. Бүкіл бұтаны бұзбау үшін жидектерді қалай жинау керектігін түсіндіру. Саңырауқұлақтардың әдемі пішініне, олардың түсіне назар аудару. Саңырауқұлақтар салынған суреттерді қарау. Жеуге болатын саңырауқұлақтарды көрсетіп, олардың ерекшеліктерін назар аударту. Улы саңырауқұлаққа назар аудару - шыбын-шіркей (мухомор) Көркем сөз Саңырауқұлақ, саңырауқұлақ,
--	--	--	--	--

байлаулы бір ойыншы шеңбердің ортасында тұрады да, қолындағы таяғын шеңбер бойында тұрған ойыншылардың кез келгеніне ұсынып: «Дауыста, атыңды айтам», дейді. Таяқтың екінші ұшынан ұстаған ойыншы атын біліп қоймас үшін әдейі даусын бұзып шығарады. (Ойыншылар белгілі бір бағытпен үнемі қозғалыста болады.) Көзі байланған ойыншы бірінші таяқ ұсынған ойыншының атын дұрыс тапса, сол ойыншымен орын ауыстырады. Таба алмаса, таяғын екінші ойыншыға ұсынады, оны таба	байланыстар туралы сенімді бекіту.) Күн қайда шығады, күн қайда кетеді? Зерттеу қызметі Металл заттарға тиіп, күннің қай жерде көбірек жылынаатынын анықтаңыз. Жауап беріңіз, қай заттар тез қызады: қара ма, әлде ақ па? Күнге ұзақ уақытқа қалай қарауға болады? (Қара көзілдірікпен) Еңбек: аула тазалаушыға аланды тазартуға көмектесу. Мақсат-міндеттер: үлкендерге көмектесуге деген ұмтылысты дамыту. "Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны.	ауа адамға да, өсімдіктерге де зиянды). Ойлап көріңдерші, қаланың ауасы қай кезде таза бола бастайды? (жаңбырдан немесе қалың қар жауғаннан кейін, жаңбыр тамшылары мен қаршалар ауаны жуады, шаң мен күйені алады). Адамдар қала ауасын тазарту үшін не істеп жатыр? (адамдар қалада ағаш отырғызады, әсіресе терек ауаны жақсы тазартады). Еңбек: балалар алаңында жолдарды тегістеу. Мақсат-міндеттер: балаларға және олардың тәрбиешілеріне көмек көрсету.	жарқырайды, оның нұры Жерге жетеді, сондықтан біз күндіз өте жылы және жеңіл жүреміз. Күнге қарап, сұрақтарға жауап беруді ұсынады. - Бетіңізді күнге бұрған кезде өзіңізді қалай сезінесіз? - Оған тікелей қарауға бола ма? Екі тас қойыңыз. Бірі - күн сәулесінде, екіншісі - көлеңкеге, оны ағаш қораппен жауып, қараңғы болу үшін. Біраз уақыттан кейін тексеру. Қайсысы жылы: күннің көзінде тұрған тас па, әлде жәшіктің астындағы ма? Қорытынды. Күннің астында заттар көлеңкеге қарағанда тезірек қызады.	Басында қалпағы бар. Ормандағы жәндіктерге, Жауын жауса пана болар. "Сиқырлы қап" дидактикалық ойыны. Балалар сипап-сезу арқылы, қаптың ішіндегі саңырауқұлақтарды тауып, атау керек. Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды тән белгілері бойынша тануға үйрету, тактильді сезімталдығын дамыту. «Сипаттама бойынша тап» - тәрбиеші әртүрлі саңырауқұлақтарды сипаттайды, балалар болжайды. Мақсат-міндеттер: сипаттамалық әңгіме,
---	--	--	---	--

	алмаса, келесіге ұсынады, осылайша үш ойыншының атын анықтай алмаса, ойыннан шығып қалады. Жұмбақ Қойны толы жеміске, Көк майсалы еңіске. Көбелек қуып ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? Еңбек: гүлзарларды суару. Мақсаты: ересектерге көмектесу, өсімдіктерге күтім жасау. "Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият	Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шарты бойынша ойнауға, зерек, шапшаң болып, қимылдарды үйлестіріп, жылдамы жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу. Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ	"Көрші ойыны" қимыл-қозғалыс ойыны. Ойнаушылар екі екіден отырады да, бір ойыншы жалғыз қалдырылады. Ойын жүргізушінің мақсаты – сыңар қалған ойыншыға көрші іздеу. Ойын жүргізуші: «Саған кімнің көршісі керек?» деп сұрайды. Сыңар ойыншы: «Маған Ақылбектің көршісі керек», деп жауап береді. «Көршіңмен аразбысың, әлде татумысың?» деп сұрайды. Егер ол аразбын десе, сыңар ойыншыға келіп көрші болады. Татумын десе тату болғаны үшін, яғни көршісін бермегені	Еңбек: кіші топ балаларына ауланы тазартуға көмектесу. Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікті, балаларға көмектесуге деген ықыласты дамыту. "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай, әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен	зейін, үйлесімді сөйлем құрастыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын таба білу қабілетін дамыту. Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығулар. «Құмға салыңыз» - саңырауқұлақ пен жидекті құмға түрлі тығыннан салу. Қалыптармен және құммен ойындар. Еңбек: аула тазалаушыға алаңды тазартуға көмектесу. Мақсат-міндеттер: үлкендерге көмектесуге деген ұмтылысты дамыту. "Айгөлек" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: ұжымдық ойында
--	--	--	---	--	---

тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу. Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші былай жариялайды: - Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт! Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын	тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды. "Күн және планета" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер:	үшін жаза тартады. Сыңар ойыншының ұйғаруымен көпшілік алдында өнер көрсетеді. Ал сыңар қалған ойыншы көрші іздейді. Осылайша ойын жалғаса береді. Жеке жұмыс: қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер: қимылдарды орындау кезінде өзін-өзі бақылауға үйрету. "Төмпешіктен төмпешікке секірі" қимылды ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру. Еркін ойындар.	"тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады: - Мысығымыз момықай, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан"	күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Айгөлек ойыны кең алаңда өткізіледі. Ойыншылар саны мен жас шамасына қарай екі топқа бөлінеді де, арасы 15-20 метрдей жерде қол ұстасып қарама-қарсы тізбек құрып тұрады. Ойын жүргізуші екі топтың біреуіне кезек береді. Олар барлығы қосылып, төмендегі өлеңді айтады: Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар,
--	--	--	--	---

	келтіреді. Аз қимылды ойын: "Суық-ыстық". Мақсат-міндеттер: есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. Жүргізуші затты жасырған кезде қарауға тыйым салынады. Жүргізуші залдан кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші кіріп, затты іздейді. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... жасырылған затты табуға көмектеседі. Еркін ойындар.	күннің айналасындағы планеталардың қозғалысы туралы білімдерін бекіту. Жеке жұмыс: ұзындыққа секіру. Мақсат-міндеттер: секіру қабілетін, күші мен ептілігін дамыту. Еркін ойындар.		үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті. "Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады. Тышқан мен мысықтың диалогін қосуға болады. Тышқан: - Бұтақты да кемірдім, Кітапты да кемірдім, Мен осындай	Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Бізден сізге кім керек? Бұған екінші топтың ойыншылары жауап береді. Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Шолпан атты қыз керек,- дейді. "Шолпан" деген сөздің орнына басқа бір баланың немесе қыздың атын қойып айта береді. Қарсы топтан шақырылған қыз не бала жүгіріп келген
--	--	--	--	---	--

				жемірмін, Шиық-шиық, шиық-шиық. Секектеймін ыршыпта, Кезікпеймін қырсыққа, Ұстатпаймын мысыққа, Түк-түк, түк-түк, Қане, ортаға шықшық! Мысық: - Мияу! Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей, "Шық-шық!" - дейді? Бұл тышқанның өнерін, Қане, байқап көрейін. "Егер де... не болар еді?" ойыны. Мақсат-міндеттер: қарапайым себепті байланыстар мен қарым-қатынастарды таба білуге үйрету.	бойы тізіліп тұрған топтың әлсіз жерінен үзіп өтуге тиісті. Егер үзе алмаса, сол топта қалып қояды. Ал үзсе, өзі қалаған ойыншының бірін өз тобына алып қайтады. Ойыншылар түгел шақырылып болған соң, екі жақтың ойыншылары саналады. Қай топтың саны көп болса, сол топ ұтқан болып есептеледі. Жеке жұмыс: көлбеу жүру, "Қарлығаш" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: дене тепе-теңдігін дамыту; ептілікке тәрбиелеу. Тура жүріп, тақтайдың (бөрененің)
--	--	--	--	--	---

				Егер де күн болмаса, не болар еді? (Үнемі қараңғы, қорқынышты болады, гүлдер өспейді.) Егер де су болмаса, не болар еді? (Шөптер курайды, қатты шөлдейміз.) Егер де ауа болмаса не болар еді? (Тыныс ала алмаймыз.) Еркін ойындар.	ортасында тоқтап, "қарлығаш" фигурасын көрсету (екі қолды дан-жаққа созып, дене түзу, бір аяққа тұрып, екінші аяқты артқа, жоғары көтеріп, түзу созып тұру), содан соң жүруді жалғастыру, тақтайдан (бөренеден) секіріп, екі аяққа түсу, екі қол екі жақта. Еркін ойындар.
